

## Шұбарқұдық кент округі әкімінің 2008 жылғы 12 маусымдағы № 198 "Көшелерді қайта атау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық ауылдық округінің әкімінің 2017 жылғы 22 ақпандағы № 28 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 наурызда № 5340 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына, Ақтөбе облыстық мәслихатының 2013 жылғы 27 маусымдағы № 132 және Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 27 маусымдағы № 197 "Темір ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" бірлескен шешімі мен қаулысына нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3599 тіркелген сәйкес, Шұбарқұдық ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ:**

1. Шұбарқұдық кент округі әкімінің қазақ тіліндегі 2008 жылғы 12 маусымдағы № 198 "Көшелерді қайта атау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-10-76 тіркелген, 2008 жылғы 23 шілдедегі аудандық "Темір" газетіне жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

қазақ тіліндегі шешімнің кіріспесіндегі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" сөздері "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" сөздерімен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімінің қазақ тіліндегі деректемелерінде және мәтінінде "кент", "кенттік", "кентінің", "кентіне" сөздері "ауыл", "ауылдық", "ауылының", "ауылына" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шұбарқұдық ауылдық округінің әкімі*

*Қ.Нұралы*